

# Қашықтан оқыту технологиясы

---

- Қазіргі педагогика адамзаттың мұқтаждықтарына жауап беретін білім беру мақсаттарына сәйкес қоғамды қайта құру мен прогрессивті дамудың әлеуметтік роліне көңіл бөледі. Сондықтан орта білімді ақпараттандыру үрдісі және сонымен байланысты оқытудың жаңа ақпараттық технологиясы білім берудің жаңа мазмұнына едәуір әсерін тигізді. Орта білім беруді ақпараттандырудың негізгі бағыттарының бірі және неғұрлым оңтайлы тәсілі ретінде қашықтан оқытуды ұйымдастыруды кеңінен енгізу ұсынылып отыр. Күндізгі оқумен салыстырғанда қашықтан оқыту болашақ 12 жылдық мектеп үшін елеулі білімділік мәні бар бірқатар қосымша мүмкіндіктерге ие. Оқытудың бұл формасы оқуға түрткіні дамыту үшін оңтайлы алғы шарт жасай отырып, тұлғалық, дербестік, жауапкершілік сапаларын қалыптастырады, субъектінің шығармашылық қуатын ашады

# Қашықтықтан оқытудың оң ықпалдары

- Икемділік / уақыт, орын, ыңғайлы қарқын, мөлшер /
- Қосарлылық / негізгі оқумен ұштастыру /
- Оңтайлылық / ыңғайлы кесте /
- Қамтушылық / білім алушы саны өлшем емес /
- Рентабелдік / басқа нысандарға қарағанда арзан /
- Оқытушы / оқытушының жаңа рөлі /
- Білім алушы / білім алушының жаңа рөлі
- Ақпаратты технологиялар
- Әлеуметтілігі

# Оқуға қатысушының алғашқы әрекеттеріне дайындық

Оқу мақсаттарыңызды анықтаңыз

Курсқа сұраныс беріңіз

Мақұлдау алыңыз

Өзіңізді және жанұяңызды дайындаңыз

Жұмыс орынын дайындаңыз


Өзіңіздің оқу стиліңізді белгілеп алыңыз

ТОЛЫҚ

басқа

фрагментті

## Қашықтан оқыту жүйесіне кіретін негізгі бөліктер



## Оқушының ішкі жүйесі

1. Жанұя
2. Қолдау (мұғалім, жолдастары)
3. Ақпараттық кеңістік
4. Қызығушылық
5. Бос уақыт
6. Бұрыннан қалыптасқан еп, дағды, білік
7. Құзырлық

# Оқыту жүйесі

---

- Сырттай мектеп
- Тьюториалдар
- тьютордың көмегі
- Өнім
- Неге?-олқылықты толтыру
  - қызығушылықты қанағаттандыру
  - үздіксіз білім алу
- Қашан?-күндіз
  - кешке
- Қайда?-үйде
  - мектепте
  - кітапханада
- Қалай?-белсенді
  - баяу

# Кездесуі мүмкін қиындықтар

---

- -оқушының оқу кеңістігінде жоғалуы;
- Екі жақты диалогтың орнамауы;
- Уақытты басқара алмау;

## Қашықтан оқытуды ұйымдастырушыда туындауы мүмкін сұрақтарға жауап

---

### **1 Оқушы барлық материалды оқып, білуге тиіс пе?**

Жоқ! Барлық күш жігеріңізді негізгі идеяларды кіріктіретін бөлімдерді оқуға бағыттауы керек. Бұл талғампаздыққа, қажеттіні тани алуға үйретеді.

### **2 Оң жетістіктерге жетудің шарттары қандай?**

-мотивация(қызығушылық, түрткі, қажеттілік)

Шоғырландыру

Ұйымдастыру

### **Оқу материалын қалай қолдану керек?**

Нәтижелі оқуға ыңғайлы түрде. Материалдар оқушыға тиесілі, белгілеуге, сызуға, жабыстыруға, бір сөзбен, оқушыға қалай ыңғайлы солай қолдануға болады.

### **Белгілер, жазбалар жасау қажет пе?**

Міндетті түрде. Тірек сөздерді сызып отыру пайдалы. Келесі қайтара оқығанда негізгі идеяны есіне салып, зейінді шоғырландыруға көмектеседі. Ашық жерлерге пікірін, ойын, сұрағын жазып отырсын. Аудио, видео қарағанда да жазбалар жасауды әдетке айналдыруы керек. Оларды жүйелеп, кітапша етіп ұстау керек, соңынан жоғалып қалатын жазбалардан пайда жоқ.



## Жазбалар қалай жазылуы кажет?

Жазба өз сөзімен,қысқа,құрылымды,идеяны көрсететіндей болуы керек.Ұзақ сонар жазба уақытты алып,мәтінді оқығаннан да көп уақытты алуы мүмкін.Әр тапсырма,курстың негізгі идеясын бір стандартты бетке сыйғызуға тырысу керек,олай болмаса, оқушының бұл курсты түсінбегендігі.Тьютордан көмек қажет. Жазба жасағанда ең тиімді әдісті қолдансын: диаграмма, сөйлесдер,тізбелер,т.б.Кейін қажетінше қалпына келтіру керек болса,түсінікті,барлық ойды көзге елестететіндей дәрежеде болуы тиіс.

### **Оқу жылдамдығын қалай арттыруға болады?**

Әр бетті босқа оқу қате.Міндет –негізгі идеяны түсіну,оның дәлелін ұғыну,келешекте қолдана алатын дәрежеде болу.

Оқу екі түрлі

Жүгіртіп оқу-жалпы мазмұнын білу,негізгі ойды байқау,келесі оқығанда таныстарды анықтау;

Түсініп оқу-әр бөлікті белгілей отырып оқу.Сонда оқу жылдамдығы қаншалықты шапшаң оқығандығында емес,қаншалықты түсініп оқығандығына байланысты болады.

# Тьютор қандай көмектер көрсетеді

---

- Курсты дайындаған тьютор оқушының жеке оқу траекториясын құрады;
- Тақырып, уақыт, мерзім, шапшаңдығын белгілейді;
- Курстың кез-келген бөлігіне байланысты туған сұрақтарға дауап береді
- Ұсыныстар айтады
- Оқушының оқу жетістігі парақтарын, өзін-өзі бағалау парақтарын дайындайды
- Оқу барысында туындаған мәселелерді шешуге көмектеседі
- Тьюториалдар ұйымдастырады
- Өзара көмек тобын құрады, топтың жұмысын ұйымдастырады
- Жұмыс нәтижелі болу үшін, тапсырма-мәтіндердің оқушыны ойлантатындай, әр мәтінмен жұмыс істейтіндей дәрежеде құрылуы керек

# Оқу түрлері

---

- Оқу сабақтары(тьюториалдар)-жастары шамалас,бір курсты таңдаған оқушылар тобымен өтетін оқу сабақтары.Түрлері: топтық,пікірлесу,тсо және өздігімен жұмыс
- Өзара көмек тобындағы оқу.Несімен маңызды:жеке қалудан сақтайды, идеялар,пікірлер алмасу,өзара қолдау көрсетуге өте тиімді.

# Тьюториалдың негізгі құрамы

---

- Тьютордың немесе топтың көмегімен қиындық туғызған бөлімдерді оқу;
- Өткен тақырыптар бойынша талдаулар, қорытынды шығару, өздік жұмыстар
- Курстың мазмұныны сай келешек өнімнің макетін дайындау
- Курс материалы бойынша игерілетін белгілі бір еп, дағдыларды қолданатын жаттығу сабақтары

# Пікірлесудің жоспары

---

- Күн тәртібі: топ жиналғанға дейін талданатын мәселе белгілі болуы керек. Жалпы мәселе: модуль №1 Нақты №4 жұмыс дәптері бойынша
- Кездесуге дайындық: әр қатысушыға, талданатын мәселеге қатысты тапсырмалар топтамасы болуы керек.
- Материалдарды өте жақсы игергендер мен әлі түсінбегендер арасында қарым-қатынас орнаса, соғұрлым нәтижелі болады.
- Уақыт  
Негізгі идеялар мен ұстанымдарға талдау жасау;  
Құрастырушы ұсынған ұстанымдар алдымен талданады.  
Жеке қатысушылар пікірі соңынан тыңдалады.  
Қарастырылған мәселенің өткенмен байланысы және келешектегі рөлі, өмірде қолданыстағы пайдалылығын талдау. Бұл жұмыстың қорытынды бөліміне алып келеді.

## Нәтижеге жету үшін қажетті алғышарттар

---

- Белсенділік (алғашқы болудан қорықпау)
- Ақпаратты қабылдау, қайтару: топ мүшелері өз түсінігін басқаға жеткізуге және өзгенің пікірін тыңдауы тиіс
- Жауап реакциясы болуы тиіс: егер біреудің пікіріне топ жауап бермесе, жұмыс әрі жүрмейді
- Мысалдар, дәйектер келтіру: бір қатысушы екіншісінің түсінік беруіне жауап ретінде өзінің ойын, мысалын айтса, кері байланыс туады
- Кейде қателесулерге жол беру: бұл топтың өзара түсінігін, байқауға мүмкіндік береді
- Қорытынды, бекіту, талдауды логикалық аяқтау

## Жазбаша тапсырмалар

- Жазбаша тапсырмалар-қашықтан оқытуда кеңінен қолданылатын тапсырмалар жүйесінің бірі. Онда белгілі бір тапсырмаларды жазбаша түрде орындау, сұрақтарға жауап беру сұралады. Онда оқулықтар, тьютор ұсынған әдебиеттер, өз тәжірибесі мен бақылауларынан алынған ақпараттарды белгілі бір формада жазып тапсыру сұралады. Тьютор жұмыс парағының оң жақ бөлігіндегі бос кеңістікке немесе келесі бетіне өзінің пікірін жазып, ұсыныстар береді, қателіктерді көрсетіп, түзету жолдарын ұсынады. ЖЖ-жұмыстарды тапсыру мерзімі, көлемі, түрі көрсетілуі тиіс.

Тапсырма берушіге кеңестер:

- Тапсырмаларнақты міндеттер қоятындай анық жазылуы керек;
- Ақпарат көздері, әдебиеттер, бөлімдер, беттер, жаттығулар нөмірі нақты көрсетілуі тиіс;
- Түсініксіз, мағынасы екіұшты сөздерді қолданбаған дұрыс;
- Тым ресми тілден қашқақтаңыз;
- Аралық қорытынды шығатын тапсырмалар жүйесін енгізіп отыру тиімді;
- Жазу анық болып, белгілер қоятын орын қалдыруды ұмытпаңыз;
- Сызба, кестелерді қосымша ретінде қолдануға болады.

## Жазба жұмысты тексерушіге кеңестер

---

- Тексеруге келген жұмысқа байланысты пікірді жұмыстың өзіне жазыңыз, бұл оқушыға қай жерді жөндеу керектігін табуға көмектеседі;
- Қажетінше түзетулер енгізіп, жаңа ұсыныстар беріңіз;
- Жіберілген кемшілікті және оның себебі мен шешу жолын ұсыныңыз;
- Жұмысты бағалаңыз;
- Бағаның қойылу себебін талдап жазыңыз;
- Түсінік биресми, әріптестік диалог ретінде болуына назар аударыңыз;
- Жұмыстың әлді жақтары мен әлсіз жақтарын ашып көрсетіңіз;
- Оқушы тарапынан қойылған бағаға байланысты пікірін біліңіз;
- Оқушының өзіндік бағалауымен өз бағаңызды салыстырыңыз, арақатынасын ашуға тырысыңыз;



## Оқушының қашықтан оқыту құралдары негізінде жүзеге асырылатын әрекеттеріне баға беруге арналған өлшеуіштер тізбесі

Ескерту: тьютор осы үлгі негізінде оқушының әрекетінің дамуын ұйымдастырады және ағымдық бақылау жүргізеді

### Ақпаратпен жұмысы (үлгі)

I деңгей 2-3балл	II деңгей 4-5 балл	III деңгей 6-7 балл	IV деңгей 8-9 балл
1Жұмыс барысында қажет ақпараттың жоқтығын көрсетті 2Мұғалім ұсынған ақпаратты меңгергенін көрсетті 3Сұраққа сәйкес толық ақпаратты тіркеді 4Ақпарат жетіспеушілігін саналы ұғынды 5Ақпаратты бір көзден алу тәсілін қолданды 6 Белгілі мәселе бойынша қорытындыны түсінгенін көрсетті	1Мәселе бойынша қайсысын меңгеріп, қайсысын меңгермегенін көрсетті 2Бірнеше көзден алынған ақпарат көздерін өз жұмысына қолданды 3Өз әрекетінде ақпараттардан дәлел келтіреді 4Белгіленген сұрақтардың өзі білмейтіндерін бөліп алды 5Сұраққа сәйкес мейлінше толық ақпаратты тіркеді	Ақпараттық ізденісті жоспарлайды 2ақпаратты жүйелеу тәсілдерін меңгерген Залынған ақпаратқа сыни қарайды 4қорытынды жасайды 5Жұмыс жоспарына сай ақпарат іздеуді ұйымдастырды 6Негізгі ақпарат көздерін сипаттады	1шешім қабылдауға қажетті ақпараттық деңгейді анықтайды 2Жобаның ақпарат көздерін таңдайды 3 Қарама-қайшылықтарды шешеді 4белгісіз екі ұштылық жағдайда шешім қабылдап, қорытынды жасайды 5Ақпарат жинау аяқталғанын өздігінен дәлел келтіре отырып қабылдады 6Ақпарат көздерінің өзі қолданған түрлерін негіздеді

## Әрекетке баға беру

I деңгей 2-3балл	II деңгей 4-5 балл	III деңгей 6-7 балл	IV деңгей 8-9 балл
<p>1 Оқушы жобамен жұмыс жайында өз әсерін айтты</p> <p>2 Жоба аяқталған соң жобамен жұмыс барысында не жасалғанын айтады</p> <p>3 Жоба аяқталған соң өнімді сипаттап береді</p> <p>4 Қолданылған әрекеттердің бірізділігін сипаттайды</p> <p>5 Жұмыс барысында кездескен қиындықтарды атайды</p>	<p>1 Жоба жұмысының мықты жақтарын атайды</p> <p>2 Өнімді қолдану үшін маңызды сипаттаманы талдап жазады</p> <p>3 Іс қимылдарға қажетті уақытты көрсетеді</p> <p>4 Жоспарды құрады</p> <p>5 Жоба аяқталған соң күтілген нәтижемен салыстырады</p>	<p>1 Өнімді бағалаудың бірнеше критерін ұсынады</p> <p>2 Қиындықтарды жәеңудің жолдарын ұсынады</p> <p>3 Ресурстарды негіздейді</p> <p>4 Өнім сипаттамасын алдын-ала қойылған бағалау критерин Ескере отырып жазды</p> <p>5 Өнімнің ойдағымен сәйкестігі жайлы қорытынды жасайды</p>	<p>1 Жоба жұмысында меңгерген біліктілігінен басқа әрекет түрлерін қолдана алатынын көрсетті</p> <p>2 Жоба жұмысының нәтижесіне талдау жасады</p> <p>3 Бақылауды жоспарлады</p> <p>4 Өнімді қолдану шектерін көрсетті</p> <p>5 Балғашқы және соңғы ақпаратты салыстыру арқылы сыни қорытынды жасады</p>

## әрекетке баға беру

I деңгей 2-3балл	II деңгей 4-5 балл	III деңгей 6-7 балл	IV деңгей 8-9 балл
<p>1Мұғалім тұжырымдаған мәселені түсінгенін дәлелдеді</p> <p>2Мәселені шешуге кірісу себебін түсіндірді</p> <p>3С-қимылдың бірізділігін түсінетінін көрсетті</p> <p>4 Алынған нәтиже жөнінде пікір айта алады</p> <p>5Өнімге қатысын дәлелдейді</p>	<p>1 Өз әрекетін жоспарлайды, әрекеттен күтілетін нәтиже туралы тұжырымдайды</p> <p>2бірнеше ақпараттан алынған мәліметті өз әрекетінде қолданады</p> <p>3Мұғалім құрған пікір алысу тәртібін өздігінен қолданады</p> <p>4Пікір алысу мәселелері мен ережелерін өздері келісіп бекітеді</p> <p>5Өз идеясын басқа идеяларға қатысты дамытады</p>	<p>1Тұйыққа тірелген кезде жағдайдан шығу амалдарын пайдаланады</p> <p>2Тақырыпты дамыту үшін қойылған сұрақтарға орынды,дәлелелдемемен жауап береді</p> <p>3Нәтижеге қол еткізу салдарын шамалайды</p> <p>4 өз беделіне және тәжірибесіне сүйенді</p>	<p>1Критерилерді келісіп,ұсынысқа салыстырмалы баға береді</p> <p>2белгісіз екі ұшты жағдайда шешім қабылдап, қорытынды жасайды</p> <p>3Мәселенің туындау себебін анықтады</p> <p>4кемшілікті жою жолдарын көрсетті</p>

Қатысушы саны-3

Мерзімі-4 тоқсан

Әдістері-комбинаторлық ойлау

Жоба бойынша жұмыс алгоритмі негізінде оқушыға ұсынылатын тақырып оқушылар әрекетіндегі танымдық және өзіндік жеке әр түрлі әдістерді қолдану арқылы, таңдап алынған. Таңдау курсының мазмұнына сай ММ және РО оқушысы тапсырмалар жүйесін орындап келді, осы мазмұн негізінде белгіленеді.

I Мәлімет жинау

---

Ақпарат сессия кезінде мұғалім ұсынуымен оқушылармен келісе отырып таңдалды.

1 О.Жанайдаров. Ежелгі Қазақстан мифтері

2 энциклопедия Қазақ хандығы. I бөлім Алтын Орда. X-XV ғ.ғ

Байпақов .Қазақстанның ежелгі қалалары.

Ақпарат көзімен жұмыс жоспары (дербес маршрутты парақ принципімен)

1"Қазақ әдеби тілінің тарих» курсының әдістемелік бөлігіндегі 26,27,28,29 тапсырмаларын орында

2 Алдағы сыныптарда өткен «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларын мұқият оқып, онда кездесетін тарихи дерекпен салыстыра көрсетуге болатын бөліктерді тап

М/ы: 1 Қарақыпшақ Қобыланды  
Атасы оның Тоқтарбай

2 Мен Сейілұлы Қараман  
Қазанға кетіп барамын

3 Берілген әдебиеттерден жырда кездескен оқиғаларға ұқсас тарихи оқиғаларды ізде

М/ы: энциклопедия Қазақ хандығы. I бөлім Алтын Орда. X-XV ғ.ғ 36 бетіндегі «Қыпшақтар» бөлігін мұқият оқы. Қыпшақтар билеген жерлердің аумағын көзіңе елестет. Жобасын қазіргі картамен салыстыра отырып сызып байқа.

4 Сондағы (6-7, 34 беттердегі) Қыпшақ антропологиялық типі тақырыбын қара, Қобыланды мен Құртқа бейнесін елестетіп көр. Әдебиеттегі берілген суреттер негізінде жасап көр.

5 «Қазақстанның ежелгі қалалары» әдебиетінен Қыпшақтар билеген дәуір мен территориясына сай келетін көне қалалар мен археологиялық қазбалар жайлы мәлімет ізде.

**Алгоритм** /ортаазиялық математик Аль-Хорезмидің латынша түрдегі аты/- алға қойған мақсатқа жету жолындағы қатаң ереже тәртібімен орындалатын әрекеттер жүйесі

**Жаңашылдықтың өмірлік циклы дегеніміз**- жаңашылдықтың белсенді өмір күшіне енетін әрі оң нәтижелер әкелетін белгілі бір уақыт кезеңі

**Цикл**-/грекше шеңбер/-белгілі бір уақыт аралығында аяқталған шеңбер құрал

---

отыратын жұмыс, процесс, құбылыстардың өзара байланыс тұтастығы

**Болжам**-қандайда бір құбылыс, көрсеткіштің арнайы зерттеуге сүйеніп жасалған, болашақтағы дамуы мен қорытындысы жөніндегі ойтұжырымы.

Болжам жасар алдында оның мақсаты қойылады:

**Тезис:** а/ берілген нүктеден қайда баруға болады және қандай қауіп күтуі мүмкін?

**Антитезис:** б/ берілген нүктеден біз қайда және неге жеткіміз келеді?

**Синтез:** в/ берілген нүктеден қайда баруға болады және ең ықтимал жол қайсы?

**Бар:** іздеу болжамы /эвристикалық/

нормативтік болжау

тенденцияны талдау негізіндегі болжау

**Іздеу болжамы**- “ Не болар еді, егер...?” деген сұраққа жауап береді яғни “ұсыныстар тізбесі”

**Нормативті болжау** - мақсатты болжау

**Тенденцияны талдау негізіндегі болжау** -бұрын өткенді ескере отырып, келешектегі әрекеттерді анықтау

**Жаңашылдық** –бұрын болмаған жаңалық

**Жаңашылдық менеджменті** -жаңашылдықты басқару жүйесі, жаңашылдық қозғалысы процесі  
Кезінде пайда болған қатынастар

**Білім беруц процесін ұйымдастыру-осы** процесс элементтерінің барлық кеңістік пен уақыттағы қозғалысын реттеу